ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ ГОРОДА ШЫМКЕНТ

ҚАУЛЫ

2018 жылғы 11 шілде

Шымкент қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 16

город Шымкент

КӨШІРМЕ ДҰРЫС

«Шымкент қаласының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің атауын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 2 наурыздағы №93 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік орган туралы үлгі ережеге сәйкес және Шымкент қаласы мәслихатының 2018 жылғы 22 маусымдағы №31/252-6с «Шымкент қаласының басқару схемасы туралы» шешімі негізінде, Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Шымкент қаласының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің атауы «Шымкент қаласының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып өзгертілсін.

2. «Шымкент қаласының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ереже осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Шымкент қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 14 шілдедегі №1530 «Шымкент қаласының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. «Шымкент қаласының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі қолданыстағы заңнамаларға сәйкес, «Шымкент қаласының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесін әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткізсін және мемлекеттік мүлік тізіліміне енгізсін.

5. Осы қаулының орындалуы Шымкент қаласының құрылыс бөлімінің басшысы Ә.Рабаевқа жүктелсін.

00000196

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Б.Мамыталиевке жүктелсін.

Қала әкімі **Ғ.Әбдірахымов**